

Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11 бабының 1-тармағына сәйкес Павлодар қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 14 шілдедегі №27 шешімімен 2026 жылғы 12 шілдеде сайланған Сансызбаев Медет Мухамед-Закирович Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Павлодар қалалық аумақтық сайлау комиссиясы. (2094)

Ұйым тұрғын үйді ерлі-зайыптыларға жалға береді, төлем есебіне күзету, пешті жағу + әлеуметтік пакет. Тел.: 60-68-55, 87016508283, 87771652568. (780)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SilkWay Gold Company» ЖШС Павлодар облысында 15.09.2025 жылғы №3632-EL лицензиясы негізінде Алпыс учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары бойынша экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасына (ШРШ, ҚББ, ӨББ, ӨЭБ) қатысты қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 24 тамызда сағат 15:00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Астана көшесі, 52 мекенжайында әкімдік ғимаратында өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі, қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша, қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Zoom платформасы арқылы онлайн қатысу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/9849285103?pwd=3pyYRp69zrwzP9hjPEjm6IOORgHlir.1&omn=88930698826>

Конференция идентификаторы: 984 928 5103. Қолжетімділік коды: 12345678.

Бастамашы: «SilkWay Gold Company» ЖШС, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 7/1-үй. E-mail: gold.generation1222@gmail.com.

Әзірлеуші: «DAMU Project» ЖК, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Қаратау көшесі, 60/1. E-mail: damuproject1@mail.ru.

Жобалық құжаттама топтамасымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында: <https://ndbecology.gov.kz/> және жергілікті атқарушы органның сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты +77075071277 телефоны арқылы алуға болады.

Қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратқа жұртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» КММ, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 5Б, тел. 8 (7182) 37-21-78, электрондық пошта: unosvr_15.07.2025@mail.ru.

Жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық түрде <https://ndbecology.gov.kz> мекенжайы арқылы жолдай алады. (840)

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 24 шілдеден 30 шілдеге дейін (5 жұмыс күні ішінде) «Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Жуантөбе кен орнының полиметалл кендерін қайта өңдеу жөніндегі байыту фабрикасын салу және пайдалану. Вахталық кент» жобасына әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар қоғамдық талқылаулар нысанында өткізіледі. Жобаланатын объект Павлодар облысының Баянауыл ауданында, Ақмектеп ауылынан шамамен 15 км қашықтықта орналасқан. Объектінің географиялық координаттары: 51°08'19,37" с.е.; 76°12'26,08" ш.б.

Жоба материалдарымен танысу, сондай-ақ сұрақтар, ескертулер мен ұсыныстар енгізу үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Ақпараттық жүйесіндегі «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөліміне өтуіңізді сұраймыз: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Capital Stroy V» ЖШС, БСН 191040011321, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ходжанов көшесі, 78-үй, 70-пәтер, тел. +7 701 223 09 42.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Q ECO SOLUTIONS» ЖШС, БСН 240940036289, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42к10, С блогы, 4-қабат, 2-кеңсе, тел. +7 (702) 661 66 46, e-mail: a.assanova@qeg.kz.

Жергілікті атқарушы орган: «Павлодар облысының Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесі. buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, unosvr_15.07.2025@mail.ru, +77055403051, 8 7182 372178. (842)

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

«Карьер Шидертинское-2» ЖШС Павлодар облысы Екібастұз қаласының ауылдық аймағында орналасқан «Шідерті-2» құм-қиыршықтас қоспасы кен орнының Шығыс учаскесінде құм-қиыршықтас қоспасын өндіруді жоспарлап отыр.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен 2026 жылғы 10 шілдедегі Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk> сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - 31.07.2026 ж.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысы бойынша экология Департаменті» ММ pavlodar-ekoder@ecogeo.gov.kz электронды мекен-жайына немесе Павлодар қ., Олжабай батыр көшесі, 22 (Павлодар облысы бойынша экология департаменті) қабылдайды. Тел. 8(7182) 53-29-10. (2091)

ҚҰЖАТ

Бір шарт жеткілікті ме?

Бүгінде пәтер, тұрғын үй, жер телімдері, ғимараттар сынды жылжымайтын мүлікті сату, сатып алу немесе оларды сыйға алу бойынша өзара келісімшарттар жасалып жатады. Бірақ мұндай мүліктерге меншік құқығы тек мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енетінін ұмытпау керек.

Жергілікті «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ филиалының мәліметінше, 2026 жылдың алғашқы алты айында облыста жылжымайтын мүлікке қатысты 55 622 құқық тіркелген, оның ішінде Павлодар қаласы бойынша 25 318 құқық рәсімделген. Жалпы тіркеулердің 35 314 облыстағы Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүргізілген.

Бүгінде мәмілені тікелей Халыққа қызмет көрсету орталығында рәсімдеуге болады. Мұнда меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеу қызметімен қатар, жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша нотариаттық куәландыруды талап етпейтін мәмілені рәсімдеу қызметі де қолжетімді. ХҚКО мамандары заңнама талаптарын ескере отырып сатып алу-сату шартын әзірлеуге көмектеседі немесе мәміле тараптары өздері дайындаған құжатты тексереді. Содан кейін ғана құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылданады. Шартты дайындау

уақыты жылжымайтын мүлік объектісінің ерекшеліктері мен мәміленің күрделілігіне байланысты болады. Қызмет құны - жеке тұлғалар үшін 11 000 теңге, заңды тұлғалар үшін 15 000 теңге.

Егер мүлікті сатушы мен сатып алушы шартты өздері алдын ала дайындаса, халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлері құжатты тексеріп, тараптардың қолтаңбаларын салыстырады және құжаттарды мемлекеттік тіркеуге қабылдайды. Бұл қызмет тегін көрсетіледі.

Айта кетейік, барлық мәмілелер үшін бірыңғай құжаттар тізімі жоқ. Қажетті құжаттар жылжымайтын мүліктің түріне, меншік құқығының туындау негізіне және нақты мәміленің ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Дегенмен барлық жағдайда объектіге меншік құқығын растайтын құжат міндетті түрде ұсынылуы тиіс.

Қ.ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ.

ТАРИХ

Алтын Орда мұрасы табылды

Ертіс өңірінен Алтын Орда дәуіріне тиесілі сәулет кешенінің орны табылды. Оның маңынан сол кезеңге жататын ауқымды қорым да анықталған.

Марғұлан университетінің ғалымдары мен студенттері жүргізіп жатқан археологиялық экспедиция барысында Ертіс өңірінен XIV-XV ғасырларға жататын кесене орны мен сирек кездесетін тарихи жәдігерлерді анықтады. Ғылыми экспедиция Ертістің сол жағалауын, Қызылқақ көлінің маңын, сондай-ақ Өлеңті, Шідерті және Сілеті өзендерінің аңғарларын қамтып отыр.

Зерттеу жұмыстарының негізгі нысандарының бірі - Жантай қонысы. Археологиялық қазба кезінде мұнда Алтын Орда кезеңіндегі ірі сәулет нысаны болғанын дәлелдейтін маңызды деректер табылды. Мамандар көлемі 25 сантиметр болатын күйдірілген кірпіштерді, жерлеу орындарының іздерін және саз ерітіндісімен қаланған ортағасырлық қабырға қалдықтарын анықтады. Ғалымдардың алдын ала болжамынша, табылған сәулет кешені XIV-XV ғасырларда өмір сүрген дала ақсүйектеріне тиесілі кесене болуы мүмкін.

Экспедиция барысында барлық археологиялық нысан роботтандырылған геосканердің көмегімен цифрландырылып, олардың үш өлшемді үлгілері жасалды. Бұл тарихи ескерткіштердің бастапқы келбетін болашақта виртуалды түрде қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қазба кезінде металл әшекейлер мен моншақтардан тұратын бірегей топтама да табылды. Зертханалық сараптама олардың құрамында



қорғасын мен қалайы мөлшері жоғары қала қорытпасы қолданылғанын көрсетті. Мамандардың пікірінше, бұл Алтын Орда дәуірінде Ертіс өңірінде металл өңдеу ісінің жоғары деңгейде дамығанын айғақтайды. Сонымен қатар, археологтар сырттан әкелінген моншақтар мен табиғи таралу аймағы Үнді мұхиты саналатын каури бақалшағын тапты. Олардың сөзінше, бұл олжалар Ұлы Дала мен Оңтүстік Азия арасындағы ежелгі сауда байланыстарының болғанын дәлелдейді.

Экспедиция жетекшісі, Марғұлан университеті Археологиялық зерттеулер институтының директоры Тимур Смағұловтың айтуынша, жаңа археологиялық олжалар өңір тарихына қатысты ғылыми деректер қорын толықтырып, Алтын Орда дәуірінің мәдени мұрасын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экспедиция студенттердің өндірістік тәжірибеден өтіп, кәсіби археологиялық дағдыларын жетілдіруіне де жағдай жасап отыр.

Өз тілшіміз.

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ: _____

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №КЗ17ВРУ00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com. Бас редактордың орынбасары - 66-15-28. Жауапты хатшы - 66-15-31. Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-32. Экономика, саясат - 66-14-61, 66-12-74.

Жарнама бөлімі: smi14reklama@gmail.com 66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет, бейсенбі күні шығады. Осы нөмірдің таралымы 1400 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00. Тапсырыс - 856

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба-ша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.